



# **Пульмонологиядағы шұғыл көмек**


## **Ситуациялық есеп № 2**


## **Жедел жәрдем бригадасын шақыру:**

Науқас П., 27 жаста. Кенеттен пайда болған ауа жетпеу және өліминен қорқу сезімінің, тоқтаусыз ұстама тәрізді жөтел пайда болғанына шағымданады.




Оған қандай сұрақтар қояр едіңіз?


- 
- Ауа жетпеу сезіміне және тоқтаусыз жөтелге не себеп болды?
  - Мұндай жағдайдың пайда болу жиілігі қандай?



Мұндай жағдай бөлмені  
дезинфицирлеуші ерітіндімен  
өңдегеннен кейін 20-30 минут өткен  
соң бірінші рет пайда болған.




**Анамнезінде неге көңіл  
бөлесіз?**

- 
- ❖ Ауа жетпеу сезімі пайда болғаннан бері қанша уақыт өтті?
  - ❖ Тыныс алу жүйесінің қосымша ауруларымен ауырады ма?
  - ❖ Аллергиялық реакциялар?

# АНАМНЕЗІ

- Ауа жетпеу сезімі 5-7 минут бұрын пайда болған.
- Тыныс алу жүйесінің қосымша аурулары болған емес.
- Аллергиялық реакциялары жоқ.







**Объективті қараған кезде  
қандай мәлімет алуыңыз  
мүмкін?**

## Объективті статус

- Есі анық, жағдайы орташа ауырлық дәрежеде. Инспираторлы ендігу. Үрлемелі жөтел.
- Тері жабындысы бозғылт, айқын гипергидроз.
- Жүрек тондары тұйықталған, ЖСЖ 110 рет/мин, АҚ 130/80 мм рт.ст.
- Бауыры ұлғаймаған.
- Ісінулер жоқ..



Науқаста қандай  
синдромдарды  
байқадыңыз?

- 
- Жедел тыныс жетіспеушілік синдромы:
  - Инспираторлы ендігу, үрлемелі жөтел.
  - Тері жабындысы бозғылт, айқын гипергидроз,
  - Тахикардия.



**Сіздің диагнозыңыз?**




DS: Ларингоспазм




Госпитализацияға дейінгі  
этапта жедел терапия?

- Науқасты ыңғайлы жартылай отырғызу.  
(аяқтарын төмен түсіру)
- Жөтелге қарсы заттар: бутамират (панатус, синекод)
- Жылы бумен ингаляция,  $t^{\circ}$  28-32 С.
- Әлсіз іш айдайтын заттар: прометазин 1-2мг/кг.
- Дексаметазон 0,6мг/кг, б/е.
- Сальбутамол аэрозоль түрінде 1-2 дозадан, күніне 3-4 рет немесе небулайзер арқылы 1,25-2,5 мг





**Сіздің арықарайғы іс-  
әрекетіңіз?**

- 
- Пульмонология немесе реанимация бөліміне госпитализациялау.
  - Отырғызып немесе бас жағын көтеріп тасымалдау.